



|                            |  |
|----------------------------|--|
| <b>Пән</b>                 | Қазақ тілі 27.04.2020ж.  |
| <b>Оқытушының аты-жөні</b> | Бейсенова А.К  |
| <b>Сабақ тақырыбы</b>      | Болашақтың үздік мамандықтары. Үндестік заңы   |
| <b>Оқу мақсаты</b>         | Болашақтың мамандықтары туралы ақпараттар біледі.<br>Сөздік қорын байыту арқылы, мамандық туралы білімін қалыптастырады.<br>Болашақтағы алған мамандықтары туралы білімін толықтырады, шыңдайды. |
| <b>Топ</b>                 |  |



## **Құрметті студенттер,**

**Бүгін біз “Болашақтың үздік мамандықтары. Үндестік заңы” тақырыбын өтеміз. Болашақтың үздік мамандықтарына электроника, инженер, биотехнология, маркетинг, эколог, логистер, эколог т.б мамандықтар түрлері жатады.**

**Болашақтағы үздік мамандықтарға сұраныс бар ма, мамандықтарды қалай игеруге болады тақырыбымен сабағымызда бастаймыз.**

**Тақырыпқа сай, біз Сіздермен мәтінмен жұмыс, аударма жұмысы, талдау жұмысы, өздік жұмысын жүргіземіз.**

**Сабағымыз сәтті өтсін!**



## Ережені қайталаймыз

Үндестік заңы – түбір мен қосымшаның және сөз аралығындағы дыбыстардың бір-біріне ықпал жасап, өзара үйлесіп, айтылуын үндестік заңы дейміз.

Оның екі түрі бар:

1) буын үндестігі, 2) дыбыс үндестігі.

Тіліміздегі сөздердің басым көпшілігі не біркелкі жуан, не біркелкі жіңішке айтылады.

Мысалы:

Жуан сөздер: балалар, қалалар, қызылдау.

Жіңішке сөздер: жерлерді, ініміз, күнделік.



# Негізгі сөздер мен тіркестерді жазыңыздар (пәнге арналған сөздік және терминология):

- IT- нанотехнология, электроника, инженер, биотехнология, маркетинголог, эколог, логистер, химик, қызмет көрсету бойынша мамандар
- логистер- логистер-logister
- биотехнология- биотехнология- Biotechnology
- химик –химик- himiks
- маркетинголог - маркетинголог -marketing specialist
- IT нанотехнология - нанотехнология –technology
- Эколог- эколог- ecology



# Мәтінмен жұмыс. Мәтінді оқу, аудару, үндестік заңына бағытатын сөздерді жазу, төмендегі сұрақтарға жауап беру.

Мамандар болжамы бойынша жақын болашақта инженер мамандарға көбірек сұраныс артады. Өйткені қазір еңбек нарығында кәсіби-техникалық мамандарға, инженер-технологтерге өткір тапшылық сезіледі.

Екінші орында IT-технолог, бағдарламашылар, веб-дизайнерлер екен. Бүгінгі таңда кез келген мекеме мен кәсіпорынның жеке сайттары бар.

Веб-дизайнерлер кәсіпорынның сайты интернет желісі арқылы көптеген адамдардың қарауына, кәсіпорынның табысын көбейтуіне, танымал болуына жол ашады.

Болашақта жоғары сұранысқа ие болатын мамандықтардың бірі – нанотехнологиямен байланысты мамандықтар. Себебі, нанотехнология барлық салаларды қамтиды: медицина, білім беру, тамақ өнеркәсібі, машина жасау, ғарыш технологиялары және т.б.

Ал аспазшы, наубайшы, тігінші, автомеханик, құрылысшы. Техник-сантехник, токарь, дәрігер, ұстаз және тағы басқа мамандар үнемі сұраныстағы мамандар болады.

Мәтінге қандай ат қоюға болады?

Мәтінде қандай басты мәселелер көтерілген?

Мамандық таңдауда ең бастысы не?

Мәтінге өзек болған негізгі ой.

Мамандық дегенді қалай түсінесің?



# Жаңа тақырып бойынша сөздік жұмысы

мамандар - специалисты

болашақ- будущее

сұраныс-спрос

еңбек нарығында – на рынке труда

кәсіби-техникалық-профессионально-техническое

тапшылық - дефицит

бағдарламашылар-программисты

кәсіпорынның-предприятия

салаларды -отрасли

тамақ өнеркәсібі- пищевая промышленность

аспазшы- повар

наубайшы-пекарь



## Венн диаграммасы арқылы мамандықтарды сәйкестіріңдер

**«Венн диаграммасы» әдісі.**  
**«Болашақтың «10 мамандығы»**  
**«Әлемге керек 10 маман»**



## Тапсырма

Осылардың ішінен өздерінің келіспейтін тұжырымдарын таңдап алып, ой-пікірлерінді дәлелдендер.

- Мамандық таңдау қалтаның қалың болуына байланысты.
- Отбасы және достарынның ақылына сүйеніп мамандық таңдауға болады
- Қартайғанда да мамандық таңдауға болады
- Жақсы білім алу үшін қымбат оқу орнына түсу керек
- Ақша болса, мамандық қажет емес





# Ең, нағыз мамандық түрлерін атау: «Ең, нағыз..»

Қазір сендерге мамандықтардың кейбір ерекше мінездемелері ұсынылатын болады, ал сендер берілген мінездемеге барынша сәйкес келеді деген мамандықтарды атауыңыз керек.

- Ең жасыл мамандық---(эколог, бағбан, орманшы)
- Ең тәтті мамандық---(кондитер, кәмпит сатушы, аспаз)
- Нағыз ақшалы мамандық ---(банк қызметкері, экономист)
- Нағыз бала мамандығы- (тәрбиеші, мұғалім, бала дәрігері)
- Ең күлкілі мамандық-- (клоун, пародист.)
- Ең шашты мамандық--(шаштараз)
- Нағыз адамдармен көп араласатын мамандық ---(журналист, экскурсовод, тренер, мұғалім)
- Нағыз жауапты мамандық- (сапер, хирург, тыңшы, милиционер, заңгер, сот, психолог)



# Кім қайда оқиды? Сөздерді сәйкестендіру

| <b>Мамандық</b> | <b>Оқу орны атауы</b>         |
|-----------------|-------------------------------|
| <b>Дәрігер</b>  | <b>Медициналық институт</b>   |
| <b>Мұғалім</b>  | <b>Педагогикалық институт</b> |
| <b>Есепші</b>   | <b>Сауда институты</b>        |
| <b>Әртіс</b>    | <b>Өнер институты</b>         |
| <b>Кенші</b>    | <b>Индустриалдық институт</b> |
|                 |                               |



# Үй тапсырмасы:

**“Нағыз маман”  
иелері туралы презентацияны  
қорғау.**